

жақсылыққа ұмтылыс тәрізді концептілік мағыналарға ие болып, өз кезегінде қазақ ұлтының рухани болмысын, жан әлемін айқын танытады. Жақсылыққа сезімталдық, руханилыққа құштарлық биік рухты адам болмысының сипаты.

Мұның өзі рухани білімді кодтау және жеткізу механизмін атқаратын тіл арқылы ақын шығармалары негізінде көрініс береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гумбольдт В. Избранные статьи по языкознанию. – М.,1984.– С.119.
2. Бенвенист Э. Общая лингвистика. – М., 1974.– 293с.
3. Маслова В. Лингвокультурология. – М., 2001, 208 с.
4. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция ,символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым,1998.– 138 б.
5. Лосев А.Ф. Философия имени. – М.,1990.

«ЗАМАН»КОНЦЕПТІСІНІҢ ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ КӨРІНІСІ

*Абдрахманова А.Е.,
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.*

Адам шынайы әдіс-тәсілдер арқылы өзіне қарапайым әрі айқын дүние бейнесін қалыптастыруға ұмтылады. Себебі бұл дүниені өз танымындағы дәрежеге, яғни өз санасындағы суретке ауыстыруға тырысады. Бұл тәсілдер арқылы суретші, ақын, ғалым, т.б. объективтік емес дүние бейнесін жасауға ұмтылады. Осындай дүние бейнесін жасауға адамның танымы қатынасады. Сол себепті әрбір халықтың дүниетанымы ұлттық дүние бейнесінде қалыптасады. Дүние бейнесін анықтау адамның дүние туралы түсінігін зерттеу арқылы жүзеге асады. Егер *дүние* деп отырғанымыз – адам және олардың қарым-қатынас жасайтын ортасы болса, онда *дүние бейнесі* – сол орта мен адам туралы ақпараттың өңделу нәтижесі болып табылады.

Өзін қоршаған шындықты тану нәтижесінде қалыптасқан, дүние туралы білім деп танылатын дүние бейнесі бір жағынан, индивидуалды болса, екінші жағынан, ол қоғамдық сана негізінде жасалады. Ал тіл – танымдық әрекетті іске асырушы. Сондықтан әрбір адамның танымдық дүние бейнесі әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, әр дәуірдің, әр әлеуметтік топтың, жас ерекшелігіне қарай бөлінген топтың, сонымен қатар әр тілде сөйлеушілердің белгілі бір деңгейде ортақ концептілік дүние бейнесін қалыптастыруы мүмкін, сондай-ақ бір тілде сөйлейтін адамдар деңгейі сәйкес келмесе, ортақ дүние бейнесін тудыра алмайды.

Көркем шығармада шындық дүние тек бейнеленіп қана қоймай, тілдік құралдар арқылы адамның сол шындыққа қатынасы, яғни шындықпен көркем бейнесі беріледі. Осы негізде қалыптасқан ақпарат жүйесі негізінде тілдік үлгілер арқылы автордың әлем туралы біртұтас (концептуалды) тұжырымдамасы қалыптасады. Әлемнің тілдік бейнесі туралы білім қалыптастыру, бір ғана таңбаның аясында жинақталатын жалпы концептілерді тауып, когнитивті құрылымындағы сол таңбаның болмыс-бітімін анықтау концептілік талдау деп аталады. Концептілік талдаудың семантикалық талдаудан өзіндік ерекшелігі бар. Семантикалық талдауда сөздердің мағынасы түсіндіріледі. Ал концептілік талдауда тілді қолданушының әлем туралы түсінігінің ерекшеліктерін сөз арқылы ашатын кез келген тілдік талдау жүргізіледі. Концептілік өріс құру арқылы белгілі бір концепт тұрғысынан әлемнің тілдік бейнесін көреміз. Концептерді табу мақсатында лексикалық және семантикалық бірліктерге контекстуалдық талдау жасалады.

Сонымен, адам санасындағы әлем бейнесі табиғаты жағынан әр алуан болып келетін концептердің көмегімен көрініс тауып, олар сөз арқылы таңбаланады. «Заман» сөзін белгілі бір концептінің атауы ретінде ала отырып, сол сөздің тілдегі мағынасына, ақиқат дүниемен байланысына, ақиқат дүниенің санадағы бейнесіне (образына) және ол жөнінде санада жинақталған ақпараттардың қайта «өңделіп», қайыра атауға ие болуына талдау жасау арқылы олардың мазмұн құрылымындағы лингвоэтномәдени ақпараттарды осы мақаламызда айқындауды мақсат етіп отырмыз.

«Заман» концептісінің қаламгерлер тілінде әлем бейнесін суреттеудегі константалар болып табылатыны жөнінде айтпақпыз. Себебі олар ақын-жазушы шығармаларының өн бойында көрініс табады. Бұл концептіарқылы әрбір суреткер төл шеберлігінің нәтижесінде өзінің танымын, өзіндік көркемдік әлемін көрсете алса керек.

Аталған концептіні талдау барысында мынадай ұстанымдарға сүйенеміз: концептінің мағынасы мен оның әртүрлі философиялық және діни жүйелердегі орны, сөздіктегі анықтамасы, адамның күнделікті санасындағы түсінігі, белгілі бір концептіге байланысты образдардың пайда болуы.

Заман – жалпы ұғым, уақыттың барлық түрін қамтитын, дүниенің ең негізгі, түпкі өзгерісін, өмірдің, тіршіліктің небір елеулі кезеңдерін бейнелейтін ұғым. Сонымен қатар заман деген ұғым дүниенің тек кезеңін емес, оның қасиетін, ерекшелігін бейнелейді [1].

Ұлы Абай қазақ философиясына тән заманды адамға тәуелсіз, барлығын өзіне бағындырар ерен құбылыс: «Әркімді заман сүйреме, Заманды қай жан билемек?» деп қарастырады.

Ғылыми зерттеу нысаны болып отырған қазақтың заңғар жазушысы Сәкен Жүнісовтің прозалық шығармалары ішінен мақсатты түрде таңдап алынған «Жапандағы жалғыз үй» романындағы *заман* концептісінің танымдық құрылымын арнайы концепт-фреймдерге топтастырып

қарастыруды жөн санадық. Жазушы тіліндегі *заман* концептісі ең алдымен уақыт, мерзім өлшемі ұғымына қатысты қалыптасқан. Уақыт философиялық категория ретінде белгілі бір кезеңді қамтиды және осы кезең аралығында сан өзгерістер болады. *Заман* концептісінің тілдік-танымдық көрінісін мынадай фреймдік құрылымдарға «*уақыт – тұзу сызық*», «*заман – дәурен*», «*зарзаман*», «*дүние – ағып жатқан су*», «*заман – өткініші, өзгермелі*», «*заман – адамды билеуші*» жіктеп қарастыруға болады.

Көптеген ғалымдар сөздің тілдік мағынасы жеке адамның қабылдауымен ұштасып қана қоймайтынын, олардың қай-қайсысы болсын, жалпы адам санасында орныққан белгілі бір бейнеге тәуелді болады деп қорытындылайды. Олар адам санасы әртүрлі танымдық бөлшектердің қоймасы сияқты, себебі мұнда алуан түрлі үдерістер автоматты түрде және кезек-кезек, белгілі бір тәртіппен жүзеге асып отырады деп есептейді. Бұған дәлел: әртүрлі жағдайларда қажетті бірліктердің автоматты түрде қолданысқа шығып отыруы; таныс емес заттың өзі бұрыннан қалыптасқан тәжірибе арқылы салыстырыла анықталуы, ұқсас нұсқалар көмегімен қабылданып танылуы; қоршаған әлемнің адам санасында түрлі бейнелер мен бағалағыштық сипаттамалар негізінде көрініс табуы – бұлардың барлығы үздіксіз шеңбермен қозғалып, дүние арқылы тілді және тіл арқылы дүниені тануға мүмкіндік береді.

М.Б.Баймұханбетова: Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы «өмір/өлім» концептісінің фреймдік құрылымын «жалған өмір және мәңгілік өмір», «бұл өмір – заттық өмір», «өмір – жалғыздық», «өмір – беймәлім тылсым күш, белгісіздік», «өмір – үміт, жарық сәуле» деп құрып, екі ақын тіліндегі «өмір/өлім» концептісіне қатысты алғашқы фреймдердің бірі ең алдымен уақыт, мерзім өлшемі ұғымына қатысты қалыптасқан дейді. «Уақыт философиялық категория ретінде белгілі бір кезеңді қамтиды және осы кезең аралығында сандық, сапалық өзгерістер болады. Екі ақын тілінде де өмір туралы түсініктер ең алдымен уақытқа байланысты қалыптасқан» [2, 13].

Уақыт адам санасына тәуелді болмағанымен, ол түрліше танылып, тілде де өзіндік көрінісін табады. Уақыт категориясы ежелгі дәуірден-ақ философиялық танымның нысаны болды, әрі көбінесе кеңістік қатынастарымен бірлікте қарастырылады. Кеңістік пен уақыт категориялары біртұтас құбылыс ретінде қабылданады, өйткені олар бір-бірін толықтырып, айқындап отыратын ұғымдар. Олар адамзат дамуының барлық сатысына тән ортақ құндылықтар, мазмұны әр дәуірде өзгеріске ұшырап отыратын мәдени категориялардың бірі. Бұл оның концептік сипатын аша түссе, бір жағынан, әр замандағы өзгеріс, дүниетаным мен мәдениет, әлеуметтік даму құбылыстарындағы өзгерістердің мәнін ашуға септігін тигізеді.

Жазушы Сәкен Жүнісов «Жапандағы жалғыз үй» романын ұлы Абай салып кеткен жолмен қазақ өміріне тез боламын деген әдіспен жазған. Бір

«жапанда қалған жалғыз үйдің» басына түскен беркесіздік, қайғы-мұң арқылы сол кездегі қазақ ауылдарының басына төнген қасірет – заман зарын шебер бейнелеген.

Қазақ халқы дүниетанымында уақыт бір жағынан түзу сызық ретінде, екінші жағынан дөңгелек шеңбер деп танылған. Бұл жерде түзу сызықтың қайтарусыз өтетін, ал дөңгелектің мәңгі айналым, қайтып айналып келетін символдық мағынасы бар екенін айта кету керек. Дөңгелекті образ түсінігінің қалыптасуына қайталанып отыратын табиғат құбылыстары: жыл кезеңдері мен күн мен түннің алмасуы сияқты құбылыстар себеп болса керек. Бұл жалпы дөңгелек үлгісі *кеңістік пен уақыттың* жоғарыда айтып кеткен біртұтастығына дәлел болып табылады. Сондай-ақ қазақ ұғымында *уақыт* өте жылдам ағып жатқан құбылыс ретінде қабылданады: «уақыт зымырап өтіп жатыр». Жоғарыда айтып өткен болашақ жөніндегі таным-түсінік туралы қазақ халқы болашақты алдымызда деп түсінеді, өткен артта қалады деп түсінеді. Бұл көшпенді өмір салтындағы *кеңістіктің* алар басты орнымен түсіндіріледі. Көшпенділер философиясында *кеңістік уақыт* бағытын айқындаған. Осыған орай ұлттық пәлсапалық, психологиялық стереотипті ұғымдардан ұлт болмысы қалыптасқаны байқалады. Қазақ халқының мінезіне тән байсалдылық – осы фактордың айғағы.

Заман, дүние концептілері *уақыттың* семантикалық аясында айқындалады. Оларға қатысты *уақыт*, бір жағынан, олардың құрамдас бөлігі болса, екінші жағынан, олардың мәдени коннотациясы ерекшеленіп тұрады.

Қазақ дүниетанымында *өмір, дүние* өткінші, жалған түрінде, ал оның жалғандығы табиғи үдеріс, шындық болмыс ретінде қабылданады.

Сөз сиқырының шын шыңына шыққан үлкен қайраткер, философ-ақын ұлы Абай Құнанбайұлын әлемге әйгілі еткен М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған мына үзіндіден жазушы Абайдың өз ортасынан, айналасынан мүлде бөлек, мүлде өзгеше жол-соқпақ тапқандағы ғажайып тұлғасын даралап көрсете алғандығын байқаймыз.

Мұхтар Әуезов тұтастай метафоралық ойға құрған көріністер шығарманың композициялық бітіміне ерекше бір көрік, философиялық тереңдік берген. Жазушы бүкіл әлем мойындаған, қазақ халқының ұлттық рухын жер жүзіне паш еткен ұлы Абайдың рухани өсу жолдарын өте әсерлі суреттеген. Ұлы ақын жан-дүниесіндегі арпалысты, күйзелісті, қайғы-мұнды, психологиялық күйді тереңдікпен көрсете алған. Бұл – қара сөз құдіретін танытқан М.Әуезов дүние танымының өзіндік ерекшеліктері мен шеберлігінің қырларын танытудың жарқын мысалы.

Тіл арқылы сақталған ұлттық танымның көрінісін, көркемдік танымның заңдылықтарын ұлттық болмысымен ерекшеленетін нақты тілдік деректерді Абай мұрасы тілінің негіздерін зерттеуден табамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ерғали І. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары. – Астана, 2003, – 283 б.

2. Баймұханбетова М.Б. Абай мен Шәкәрім шығармалары тіліндегі тілдік дәстүр жалғастығы (когнитивтік аспектіде). Филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Астана, 2009. – 24 б.

К ВОПРОСУ О ПЕРЕВОДАХ АБАЕМ ТВОРЕНИЙ ПУШКИНА

Акошева М.К.,
КазАТУ им. С.Сейфуллина, г. Нур-Султан

В казахстанской Пушкиниане значительное место занимают переводы крупных поэтических произведений, выполненные известными поэтами в разное время.

Творчество казахского поэта Абая тесно связано с именем русского поэта А.Пушкина. Как известно, переводы Абая из произведения А.Пушкина «Евгений Онегин» стали знаменательным событием в истории казахской литературы. Его переводы навсегда останутся ярким свидетельством горячей любви казахского народа к творениям пушкинского гения, а через него – свидетельством горячей любви его к литературе всего народа.

Абаю было всего 14 лет, когда он познакомился с сочинениями Пушкина. Изучению и освоению творчества Пушкина способствовали и переводы из «Евгения Онегина». Уже в 1889 г. переводы Абая из «Евгения Онегина» стали широко известны по всей казахской степи. В последующем глубокое изучение творческого опыта Пушкина способствовало введению новых размеров в стихосложении в казахской литературе.

Умело и красочно передавая на казахский язык пушкинские поэтические образы и средства их языкового выражения, Абай в то же время расширяет возможности художественной формы казахской литературы, вносит в казахскую литературу новые элементы реализма.

Абай приступил к переводам произведений Пушкина и других русских поэтов с пониманием того огромного значения, которое имеет такая переводческая работа.

Как мы знаем, из «Евгения Онегина» Александра Пушкина Абай перевел на казахский язык семь отрывков:

- 1) портрет Онегина,
- 2) письмо Татьяны,
- 3) ответ Онегина (так назван у Абая монолог Онегина в деревенском саду),